



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№4 (912) Сәрсенбі 29 қаңтар 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ӨНІРЛІК ЖОСПАР АЯСЫНДА КЕШЕНДІ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық, абаттандыру және тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында өңірлік жоспар бекітіліп, кешенді жұмыс жүргізілуде. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев атап өтті.

«Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасына 736 мың адам қатысып, 176 800 түп тал егілді. Ақция басталғалы ауылдарды қолдау, ынталандыру мақсатында дәстүрлі түрде «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіліп, 2,1 млрд. теңгеге күнделікті тұрмысқа қажетті 67 техника табысталды. Коммуналдық сала кәсіпорындарына, табиғатты қорғау мекемелеріне 309 арнайы техника сатып алынды. Қызылорда қаласының орталық алаңы, аудандарда демалыс орындары қайта жаңғыртудан өтті. Биыл бірнеше саябақ қайта жаңартылады», – делі Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, Қызылорда қаласындағы 28 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті заманауи панельмен қапталды, 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары абаттандырылды. Теміржол вокзалы ғимараты мен перроны күрделі жөндеуден өтті.

Балалардың игілігі үшін 80 ойын және спорт алаңы, Жанақорған ауданында демалыс

паркі, Сырдария ауданы Нағи Илиясов ауылында «Еңбекшілер аллеясы» пайдалануға берілді. Қармақшы ауданы Жанажол ауылының орталық алаңы және Жалағаш ауданы Таң ауылының көшелері абаттандырылып, жарықтандырылды. Облыстық бюджеттен бөлінген 800 млн. теңгеге 17 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары, 200 млн. теңгеге 14 спорт және ойын алаңы салынып, 7 балалар ойын алаңы жөндеуден өткізілді.

Демеушілер есебінен 63 көпқабатты тұрғын үй мен 2 әлеуметтік нысанның қасбеті заманауи үлгіде әрленуде. Аудандарда 320 млн. теңгеден астам қаржыға көшелер абаттандырылып, ойын алаңдары мен скверлер салынды. Өткен жылы аймағымызда мекеме ғимараттарының қасбеті, аулалардағы балалар ойын және спорт алаңдары, көшелердегі жарықтандыру мен аядамаларды әрлеу, сырлау, безендіру біркелкі дизайн код бекітілді.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

• Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!

• Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

ОБЛЫСТАҒЫ ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ



Қызылорда облысында құрылыс жұмыстары республикалық орта көрсеткіштен 41 пайызға жоғары деңгейде жүзеге асырылуда. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мәлім етті.

Тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға 2 500-ден астам пәтер табысталды. Аймақта жана әлеуметтік нысандар бой көтеруде. 2024 жылы 69 жаңа ғимарат салынып, бүгінде 25 білім, 16 денсаулық сақтау, 11 мәдениет, 17 спорт нысаны ел игілігіне қызмет

етуде. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 21 мектеп салу жоспарланған. Бүгінде 5 білім ордасы пайдалануға берілді, 5 мектеп жаңа оқу жылына дейін табысталады. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 28 нысан



салынды.

Облыстың барлық ауылындағы денсаулық сақтау мекемелеріне 245 жаңа санитарлық көлік алынып, жедел жәрдем мәселесі толық шешілді. Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған «Қазақстан халқына» қоры өңірдің денсаулық сақтау саласын дамытуға 4 млрд. теңге қаржы бөлді. Бұл қаржыға Арал, Жанақорған аудандары мен Қызылорда қаласында

«Қамқорлық» оналту орталықтары ашылды. Мұнан бөлек, қордың 1 млрд. 100 млн. теңге қаржысына скрининг жүргізуге арналған жылжымалы кешен алынып, ауыл тұрғындарына үздіксіз медициналық қызмет көрсетуде.

Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 50 млрд. теңгеге жуық қаржыға облыс орталығы мен аудандарда жаңа ғимараттар, парктер, ойын алаңдары салынып, мемлекет теңгеріміне өтті.



ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫ ЫСТЫҚ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Қызылорда қаласын ыстық сумен қамтамасыз ету жобасы сәтті жүзеге асырылуда. Бүгінде 187 үй ыстық суға қосылды. Келесі жылы беру маусымына дейін облыс орталығының көпқабатты тұрғын үйлерінің барлығына ыстық су беріледі.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев атап өтті.

Мемлекет басшысының қолдауымен аймақта маңызды жобалар жүзеге асуда. Түркиялық инвестор «Акса Энерджи» компаниясы қолға алған қуаты 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығы құрылысының 70 пайызы аяқталды. Нысан қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Жаңа станция облыс орталығын жылумен, аймақты электр энергиясымен толық қамтамасыз етеді. Өндірілген

электр энергиясының артылған бөлігін өзге өңірлерге сатуға мүмкіндік береді. «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары 2022 жылы бастау алғаны белгілі. Республикалық маңызы бар жолдың облыс аумағындағы 216 шақырымның 151 шақырымы пайдалануға берілді. Жоба биыл толық аяқталады. Сондай-ақ, Қызылорда қаласында Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі 566 шақырым жолды I санатқа кыркүйек айында пайдалануға беріледі. Қазіргі таңда, демеушілікпен 350 млн теңгеге техника-экономикалық негіздемесі әзірленді.

ҚЫЗЫЛОРДАДА АУҚЫМДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев баяндама жасап, өңірдегі инвестициялық жобалар туралы айтты. Экономиканы әртараптандыруда 2024 жылы аймақта 37 млрд. теңгенің 21 инвестициялық жобасы іске қосылды.

Негізгі капиталға 640 млрд. теңге инвестиция тартылып, өсім 21,7 пайызды құрады (республиканың орташа көрсеткішінен 14 пайызға жоғары, ҚР – 107,5%). Оның 70,5 пайызы – жеке инвестиция. Шетел инвесторларымен негізделі жұмыстың арқасында 9 ай қорытындысымен 171 млн. АҚШ доллары көлемінде тікелей инвестиция тартылып, өсім 16,6 пайызға жеткен.

2025-2029 жылдары аймақта құны 1 трлн. 900 млрд. теңге болатын 65 инвестициялық жоба іске асырылып, 8 100 жаңа жұмыс орны ашылады. Ел Президентінің тікелей қолдауының арқасында және Қатар мемлекетіне жасаған іссапары қорытындысымен өңірде 800 млрд. теңгенің, қуаттылығы 1 100 мегаваттық бу-газ қондырғысының жобасы қолға алынады. Қазіргі таңда жер беріліп, техника-экономикалық

негіздемесі әзірленуде.

Биыл «Шалқия» қорғасын-мырыш кенішін қайта жаңғырту үшін құны 215 млрд. теңге болатын жаңа кен байыту комбинатының, 147 млрд. теңгеге жылына 300 мың тонна кальцийленген сода шығаратын зауыт құрылысы басталады. Сондай-ақ, 62 млрд. теңгеге қуаттылығы 201 мегаваттық 5 күн және 1 жел электр станциясы іске қосылады.

Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Қазақстан – Германия, Қазақстан – Корея форумдарында кол қойылған меморандумдарға сәйкес, 31 млрд. теңгеге «Хорн» неміс технологиясы бойынша жылына 220 млн. дана шыны бөтелке шығаратын, 19 млрд. теңгеге қорғалық «With You E&C Kyzylorda» компаниясының тұрмыстық қатты қалдықтар өңдейтін зауыттарының құрылысы басталады.

ЖАЛҒА БЕРІЛГЕН ҮЙЛЕРДІ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУГЕ МҮМКІНДІК ЖАСАЛАДЫ

Қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Абзал Рысбек бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне өткен жылы салада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

Қазіргі таңда Қызылорда қаласы бойынша тұрғын үйге мұқтаж адамдардың 6 дара тізімі бойынша 25 971 отбасы кезекке тіркелген. ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес, азаматтарға пәтерлер тек кезек ретілігіне сәйкес беріледі. Өткен жылы кезекте тұрған отбасыларға 993 арендалық пәтер табысталса, биыл 1240 пәтер халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тобына және 135 пәтер авариялық кезекте тұрған отбасыларға беріледі деп жоспарлануда.

2024 жылдың 22 қарашасында ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына өзгерістер енгізілді. Осы Заңның 13-бабына сәйкес, 2017 жылдан бастап

бүгінгі күнге дейін пайдалануға сатып алу құқығынсыз жалға берілген тұрғынжайлар мен жалғыз тұрғын үйі авариялық жағдайда деп танылған азаматтар енді өз баспаналарын жеке-шелеңдіре алады. Аталған мемлекеттік қызмет түрі E-Qazuna порталы арқылы жүргізіледі және комиссия шешімімен қаралады, – делі бөлім басшысы Абзал Рысбек.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген арендалық үйлердің деректері E-Qazuna мемлекеттік меншік тізілімінің веб-порталында тіркеледі. Алдағы міндеттің бірі 2024 жылы пайдалануға берілген 993 арендалық пәтерлердің жалдау шартын E-Qazuna порталына енгізіп, арендалық төлемдердің есебін жүргізу.

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – ДЕНІ САУ ҚОҒАМ НЕГІЗІ

Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде қалалық қоғамдық даму бөлімінің ұйымдастыруымен зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында қала тұрғындарымен кездесу өтті.

Кездесуге «Amanat» партиясы Қызылорда қалалық филиалының Атқарушы хатшысы, облыстық мәслихаттың депутаты Гүлшат Мұсаева, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Айгүл Қиясова, қалалық полиция басқармасы, жергілікті полиция қызметі бөлімі әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторлары мен отбасын қолдау орталығындағы директоры қатысып, заң талаптарына сәйкес түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«Отбасы – қоғамның ең маңызды іргетасы, әр адамның өміріндегі алғашқы тәрбие мен мейірім ордасы. Ол сүйіспеншілік, сыйластық, қолдау мен түсіністікке негізделген. Отбасы мүшелері бір-біріне демеу болып, өмірдің қиындықтарын бірге жеңеді.

Бұл жерде адамгершілік құндылықтар қалыптасып, келер ұрпаққа беріледі. Жақсы отбасы – берік қоғамның кепілі. Ер - отбасының дінгегі, әйел - отбасының алтын қазығы» - деді, Мұсаева Гүлшат Исақызы.

Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, жасөспірімдерге жыныстық қолсұғушылықтың алдын алу, ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын ілгерілету және адам саудасына жол бермеу тақырыптарында хабарламалар жасалды.

Жиынға қатысқан мектеп мұғалімдері мен «Қызылорда Жылу электр орталығы» қызметкерлері, мектептер мен колледж мұғалімдері аталған тақырыпта толық ақпарат алды.

Егер отбасында зорлық-зомбылық деректері анықталған болса, отбасы орталығына 71-09-24, 71-09-25 номеріне немесе 102 арнасына хабарласу қажет.

ҮЕҰ ДЕРЕКҚОРЫНА МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАПСЫРУ НАУҚАНЫ ЖҮРУДЕ

Қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне өткен жылы салада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

Жалпы, қалалық қоғамдық даму бөлімі қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, діни, этносаралық қарым-қатынасты нығайту, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарын дамыту және қолдау, мемлекеттік ақпараттық, жастар саясатын жүргізу бағытында жауапты мемлекеттік органдармен, мекемелермен, қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп отырып, тиісті шаралар жүргізіп келеді.

- Жыл көлемінде қаладағы азаматтық қоғам институттарымен бірқатар жұмыстар атқарылды. Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс арқылы азаматтық қоғам құрылымдарына қаржылай қолдау көрсету көлемі де ұлғайып келеді. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында үкіметтік емес ұйымдар арқылы 2023 жылы 6 әлеуметтік жоба жүзеге асырылса, 2024 жылы 8 әлеуметтік жоба бойынша жұмыстар жасалды. Осы жобалар негізінде «Мерейлі отбасы» байқауының қалалық кезеңі, «Үздік аула», «Ұшқыр қалам» сынды тағы да басқа ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Бүгінде Қызылорда

каласы бойынша облыстық әділет департаментінде 461 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Осы ретте, «ҮЕҰ дерекқор базасына» есептік ақпарат ұсыну мерзімі өзгеріссіз 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 наурызға дейін жалғасатынын естеріңізге саламыз, - деді бөлім басшысы Айдын Бөкенбайұлы.

Саланың негізгі бағыттарының бірі – мемлекеттік жастар саясаты. Қызылорда қаласында статистикалық мәліметке сәйкес, 2024 жылға 358 235 халық, оның ішінде 101 020 жастар. «Qosy» қалалық жастар ресурстық орталығы тарапынан жастардың барлық санаттарын қамти отырып, түрлі форматтағы және ірі көлемді шаралар ұйымдастырылып келеді. Атап айтқанда, базар және NEET санатты жастар арасында кіші футболдан «Достық кубогі» турнирі, «Qyzylorda open Fest», «Бала психологиясы» тақырыбындағы психолог мамандардың оқытуы, жұмысшы мамандықтар арасында «Жас дәнекерлеушілер», «Жас тігіншілер», «Жас электрліктер», «Жас аспаздар» «Жас құрылысы» байқаулары,



жұмыссыз жастар үшін оқытулар мен тренингтер ұйымдастырылды. Жылдың қорытынды «Qosy» Премия» шарасында үздік 7 жасқа Қала әкімінің «Самғау» жастар сыйлығы табысталды. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қала әкімдігі жанынан құрылған жедел топ, ювеналды полиция бөлімшесінің қызметкерлерімен бірге жыл басынан бері 33 рет түнгі рейд жұмыстары жүргізілді. Жалпы, орталық қызметін 2024 жылы 8130 жас пайдаланып, 4015 жас мамандардан кеңес алған.

- 2025 жылға арналған қалалық қоғамдық-саяси маңызды іс-шаралардың күнтізбелік жоспары әзірленіп,

бекітілді. Жоспарда қоғамдық-саяси маңызды оқиғалар, республика көлемінде аталып өтілетін атаулы даталар, ұлттық және мемлекеттік мерекелік күндер, белгілі тұлғалардың мерейтойлары мен өңірдің тарихи-мәдени және идеологиялық мазмұнын айшықтайтын шаралар қамтылды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының жарлығына сәйкес «Жұмысшы мамандықтар» жылы аясында жастарға кәсіби бағдар беру, бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін ұйымдастыру, жұмысшы мамандықтарды дәрiптeу бойынша бiрқатар шаралар атқару жоспарлануда, - деп қорытындылады бөлім басшысы.



ӘЙЕЛДЕР ФОРУМЫ ӨТТІ

Шиелі ауданындағы жаңадан ашылған «Руханият орталығында» Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтарының жылына» орай «Әлемнің әміршісі – еңбек» атты облыстық әйелдер форумы өтті.

Форумға облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова, іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Манат Алмашева, зиялы қауым өкілдері, кәсіпкерлер және түрлі салада еңбек ететін жұмысшы әйелдер қатысты.

Басқосуды жүргізген Шиелі ауданының әкімі Айтбай Жандарбеков Мемлекет басшысының Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында аймақта атқарылған жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар, облыс әкімінің бастамасымен соңғы жылдары салынған әлеуметтік нысандарды, қолға алынған ауқымды шараларды атап өтті.

Атауды жылға орай ұйымдастырылған іс-шараға «Хабар 24» республикалық телеарнасындағы «Дархан

дала» бағдарламасының түсіру тобы арнайы келіп, Сыр елінде атқарылған жұмыстармен танысты.

Еске салайық, өткен жылы өңірдегі «Руханият жылы» аясында барлық 7 ауданда ішінде неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият орталықтары» бой көтеріп, бірқатары ел игілігіне табысталды.

«Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», 1000 орындық көпфункционалды «Өнер орталығы» салынып, жаңадан орталықтары» бой көтеріп, бірқатары ел игілігіне табысталды. «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», 1000 орындық көпфункционалды «Өнер орталығы» салынып, жаңадан орталықтары» бой көтеріп, бірқатары ел игілігіне табысталды. «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», 1000 орындық көпфункционалды «Өнер орталығы» салынып, жаңадан орталықтары» бой көтеріп, бірқатары ел игілігіне табысталды.

музейі, «Шығармашылық академиясы» салынууда.

«Анаға тағзым» орталығы – аймақ басшысының бастамасымен қала орталығында бой көтерген ұлттық және заманауи үлгідегі мәдени-әлеуметтік нысан. Сыр елінің арулары мен ақжарлықты аналары бас қосатын құтты мекен.

Халқымыздың өткені мен бүгінгі сабақтастыратын «Анаға тағзым» экспозициялық кешенінде неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият орталықтары» бой көтеріп, бірқатары ел игілігіне табысталды. «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», 1000 орындық көпфункционалды «Өнер орталығы» салынып, жаңадан орталықтары» бой көтеріп, бірқатары ел игілігіне табысталды. «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», 1000 орындық көпфункционалды «Өнер орталығы» салынып, жаңадан орталықтары» бой көтеріп, бірқатары ел игілігіне табысталды.

Өнер мен мәдениетті қолдау мақсатында салынған 1000

орындық «Өнер орталығының» филармония ұжымына берілуі сырбайлық өнерпаздарға жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Филармония жанынан құрылған 10 өнер ұжымы бар. Облыстық симфония, Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрлері, «Қорқыт сазы» кобызшылар, «Ақмешіт» фольклорлық, вокалды-аспаптық ансамбльдері, «Томирис» және «AI-ARU» би, хор ұжымдары, «Әдемі» балалар музыкалық театр студиясы өнердің түрлі бағытында жемісті еңбек етуде.

Камералық оркестрге қосымша 30 штаттық бірлік қосып, симфония оркестрін ашу туралы ұсыныс оң шешімін тапты. Облыс әкімінің қолдауымен қайта құрылған симфония оркестрінде 50 қызметкер бар, 17 өнерпаз қызметтік үймен қамтылған. Алматы, Астана, Шымкент, Ақтөбе, Талдықорған, Байқоңыр қалаларынан 10-ға жуық өнерпаз арнайы шақыртумен келген.

ТҰТЫНУШЫЛАРҒА 7,7 МЛН ТЕҢГЕ ҚАРЖЫ ҚАЙТАРЫЛҒАН

Өткен жылы тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласына 435 өтініш келіп түскен. Өтініштерге салалар бойынша жүргізілген талдаудың нәтижесінде олардың 60 пайызы бөлшек сауда саласына қатысты екені анықталған. Бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Ерқасым Сүлейменов салада атқарылған жұмыстарды баяндады.



- Бізге келіп түскен өтініштерді заңға сәйкес қарау барысында 244 өтініш қанағаттандырылып, 15 өтініш түсіндіріліп, 151-і басқа мемлекеттік органдарға жолданды. Нәтижесінде, тұтынушыларға барлығы 7,7 млн теңгенің қаражаты қайтарылды. Сондай-ақ, есептік кезеңде департаментпен 40 нарық субъектісіне тексерулер жүргізілді. Өздеріңіз білесіздер, 2023 жылдан бастап бізде «Сапалы өнім» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл ішкі нарықта отандық өндірушілер мен тұтынушыларды қорғау мақсатында сапасыз және қауіпті тамақ өнімдерін анықтау мақсатында құрылған. Осы бағыт бойынша өткен жылы сауда үйлерінен 121 өнім сатып алынып, тексерілді.

Сараптама қорытындысымен 98 өнімнен таңбалаудағы сәйкестіктер мен мемлекеттік тілде ақпараттардың жоқтығы

анықталды. Алдағы уақытта да аталған жұмыстар өз жалғасын табатын болады. Сонымен қатар, заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленіп, қазіргі таңда Мәжілісте қаралуда.

Аталған заң жобасына сәйкес тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Омбудсмен институтын енгізу ұсынылады. Бұл мәртебе тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы жүйелі проблемаларды мемлекеттік биліктің жоғары деңгейіне шығаруға мүмкіндік береді, - деді Ерқасым Жайбергелұлы.

ҚЫЗЫЛОРДА ӨНІРІ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАДА БІРІНШІ ОРЫНДА

Соңғы жылдары Қызылорда құрылысы қарқынды қалаға айналды. Білім саласы бойынша «Жайлы мектептер» бой көтеріп, салаға лайықты көңіл бөлінуде. Бүгінде 4 мектептің құрылысы аяқталса, қалған 5 мектеп

2025 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Құрылыс саласындағы қарқынды жұмыстар легін облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төралиев тізбектеп берді. - Денсаулық саласы бойынша 22 құрылыс нысаны жүргізіліп, 15-і пайдалануға берілді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында республикада алғашқы болып 9 амбулатория мен 2 фельдшерлік-акушерлік бекет пайдалануға берілді.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухананың

құрылысы жүргізілуде.

Бұған дейін, қаламыздағы Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан Кан орталығы ел игілігіне табысталды. Сондай-ақ «Руханият жылы» аясында аудандарда 7 «Руханият орталығы» бой көтерді. Өзірге олардың екеуі халық игілігіне жұмыс жасауда. Аймағымыздың ажарын айшықтай түскен ғимараттардың бірі - Өнер орталығы. Мәдениет саласына да лайықты көңіл бөлінуде. Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сәйкес 11 мың орындық орталық стадион, жабық бассейні бар көп салалы дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынууда. Жақын арада Қызылорда қаласында



«Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы басталады.

Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға қажетті қаржы бөлініп 2500-ден астам пәтер сатып алынды. Атап өтетін жайт,

облысымыз халықтың әлеуметтік осал топтарына тұрғын үй сатып алу бойынша республикада 2-ші орында.

Бүгінде тұрғын үй құрылысы бойынша барлығы 1910 пәтерден тұратын 33 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде, - деді Ерлан Қарымбекұлы.



ЖҮРЕК АУРУЫ ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ

Қазақстан конституциясына сәйкес адам өмірі - ең жоғары құндылық. Олай болса жер жүзіндегі дәрігерлер осылай дабыл қағуда. Бұған дейін елімізде онкологиялық және туберкулез аурулары алдыңғы орында тұрса, қазір жүрек- қантамырлар дерті олардан басып озған көрінеді. Бүгінде әрбір оныншы адам осы ауруға шалдыққан десем артық айтқандық болмас.

Автокөліктің басты құрлығысы" моторы" болса, адам бойындағы ең маңызды механизм жүрегі. Бұл жұдырықтай кесек еттің кереметі көп. Адам ағзасында осы бір тілім ет жарамсыз болса, бүкіл денені бұлдіреді. Сол жұдырықтай жұмыр ет- ағзадағы қажымайтын және бейнеткеш мүше. Ол тәулігіне тамырларда 10- мың литр қанды 100- мың шақырымға дейін айдайды. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмірде жүректің жұмысы бір сәтке де дамыл таппайды. Яғни дені сау адамның жүрегі минутына 60-80 рет соғуы қалыпты болып есептеледі. Бұл қызмет бұзылғанда дәрігерлер түрлі ем- домдарды қолданып, адам жанын арашалауға тырысады. Мамандардың дерегіне сүйенсек, жүрек аурулары адамды өлімге душар ететін дерттердің қара тізімін бастап тұрған көрінеді. Жүрек ауруы жас талғамайды. Дүниеге жана келген баладан, еңкейген қартқа дейін осы дертпен науқасанда. Дүниежүзілік денсаулық

сақтау ұйымының мәліметі бойынша Қазақстан коронарлық патологиядан алғашқы орында болса, инфаркт миокарды және стенокардия сияқты ишемиялық жүрек аурулары бойынша келесі орынға жайғасқан. Бұрындары бұл жүрек дертіне шалдығатындар көбіне қарт адамдар болушы еді. Жыл өткен сайын бұл дерттен халықтың жастар жағы жиі ауыратын болды. Жастар көп жағдайда бірден инфаркт алып, ауруханаға жетпеген күйі көз жұматын сәттері де орын алуға. Сол себепті жүрек аурулары еліміздің медицинасында кезек күттірмейтін мәселеге айналды. Бұл аурудың емін европа дәрігерлері әлдеқашан диагнозы мен емін дұрыс тағайындау нәтижесіне қол жеткізген, бізде әлі бұл аурудан айыққан пенде жоқ. Біздің мамандардың айтуынша, жүрек ақрулары ерекшелігі мен табиғатына байланысты әртүрлі болып келеді. Көп жағдайла аяқ асты жүрек талмасы ұстап адам өміріне қауіп төндірді. Кейбір жүрек

ауруларына адамның өмір сүру салты, дұрыс тамақтанбауы себеп болса, кейбіріне адам генетикасы әсер етеді. Біздің елімізде жүрек - қантамыр аурулары жиі кездескенімен, соңғы уақытта медициналық қызмет көрсету мен бақылау сапасы артып, өлім- жетім төмендеді деп жарыса сүйіншілегенмен. Дегенмен қазір елімізде жұмысқа қаблетті ер азаматтардың арасында жүрек - қантамырлары аурулары алдыңғы орында тұр! Әр адам кем дегенде жылына бір рет дәрігерге қаралып, өз денсаулығына алаңдағаны дұрыс. Халықтың көп бөлігі дәрігердің алдына ауруын әбден асқындырып баруды әдетке айналдырған. Сау кезінде бір тексеріліп қоюды ойламаған тұрғындар ауруы дендеп, жанына батқанда барып көмек сұрайтыны елімізді біз білеміз. Ал жүрек ауруларын асқынғанда емдегеннен еш пайда жоқ. Керсінше" ауыртпайтын жол іздеген" абзал. Жүрек- қантамырлары ауруына әкелетін басты фактор адамдардың өз денсаулығына көңіл бөлмеуінен десек, сонымен қатар жағымсыз экологияның да салдары жетерлік! Күнделікті өмірде асқазанға түскен қиың да тікелей жүрегіңізге әсер ететінін ұмытпаған дұрыс. Қазақ

ауру астан деп бекер айтпайды. Тойларға барғанда дастархандағы тәтті тағам қалғанша, жаман қарын жарылысын - деп сипап жеп жатамыз, қазір барлық тамақ түрлі жасанды қоспаларсыз жасалмайды. Әсіресе құрамында концентраты көп өнімдер қатары көбейді. Мысалы кәуап, фасфуд, қытырлақ нан, қуырылған картоп, газды сусын, шұжық, түрлі дәмдеуіштер арқылы әзірленеді. Бұл тағамдар дәмді болып көрінгенмен, ағзаға аса зияндылығы бар.

Қазір адамдар тоя тамақ жеп , қимылсыз, спортпен шұғылданбайды. Соның салдарынан қан айналымы жүйесі бұзылып, семіздікке душар болады, ал семіздіктің соны қан диабетіне әкеліп соғады. Бұл дертті еңшілдегендерде міндетті түрде жоғары қан қысымы қатар жүреді. Қан қысымының көтерілуі жүрек қан- тамырлары ауруының басы екенін айтпасада түсінікті . Сондықтан өз денсаулығымызды осы бастан қолға алу, өзімізге олжа екенін ұмытпаған абзал. Әрбір адам салауатты өмір салтын ұстанып мықты денсаулық қалыптастырайық өзімізге.

**Бегенова Гүльнара
Сербайқызы**

ДӘРІГЕРГЕ ДЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

Адам жараланғанда дәрігерге дейінгі көмек керестуші қолын сабынмен жуып немесе саусақтарын йод тұнбасымен майлап кірісуі қажет. Дәрігердің нұсқауынсыз жараны тіпті жуған қолмен ұстауға, сумен немесе дәрімен жууға, ұнтақ себуге болмайды. Өйткені, жараны зәрлеуі мүмкін. Жараны тек қана дәрігер тазартады. Жараны байлау үшін дәке алып, жараның бетіне таза шүберек салып және ол жерге йод тұнбасын құйып байлау керек. Қысқасы, жараға микробтардың түспеуін қалағалау қажет. Жараның аузындағы қатқан қанды сүртпеген дұрыс. Өйткені қан қатты ағып кетуі мүмкін. Қанның ағын тоқтату үшін ол жерді жоғары көтеріп, жараны дәкемен жауып тұрып саусақпен 4-5 минут басып тұру керек. Егер қанның ағуы тоқтаса үстіне макта және тағы бір дәкемен қабаттап салып, таңып тастау керек. Егер қанның ағуы тоқтамаса, онда дәрігер шақырту қажет.

Сүйек сынғанда және шыққанда негізі міндет - оның өзіне ыңғайлы жағдайда қозғалмайтын етіп бекіту. Шыққан қолды дәрігерлер салуы тиіс. Бас жаракаттанғанда құлақ пен ауыздан қан ақса, бастың сүйегі сынды деп тұжырымдауға болады. Ол кезде басқа салқын суға батырып шүберек басу керек. Егер жауырын сынған болса, онда астына абайлап тактай қою керек, денесі майыспауын қадағалау қажет. Өйткені, ол миға әсер етуі мүмкін. Жамбас сүйегі сынғанда арқасына жатқызып, аяғының тізесінен сәл бүгілгендей етіп астына брезентпен орам жасап салу керек. Қол шыққанда, сынғанда ағаштан құрсау байлайды. Ауырған жерге салқын су басуы. Қабырғасы сынғанда - адам демалғанда, жөтелгенде, қозғалғанда ауырлайды. Ондай кезде кеудені қаттырақ тартып байлап тастау керек. Егер сынбай, шықпай, жай жаракаттанғандығы белгілі болса, онда сол жерге мұз немесе салқын суға батырылған шүберекті басу керек. Сосын жараланған жерді таңып тастайды. Егер адамның терісі жаракаттанбаған болса, йод жағудың, салқын суға батырылған шүберек басудың, укаладуың қажеті жоқ. Өйткені ол аурудың ұлғайтып ұшықтыруы мүмкін. Адамның басына бір зат түскенде немесе құлағанда миы қозғалуы мүмкін. Ол кезде адам есінен айырылады, тіпті демалуы үзіліп, көзіннің қарашығы үлкейіп кетуі мүмкін. Ол адамның есін жиганнан кейін де басы ауырып, құсықысы келеді. Ол кезде, адамды шалқасынан жатқызып ілпектерін, белдіктерін ағыту керек. Құсапшайдай болса бір қапталына жатқызады. Емханаға да оны жатқызып апару қажет.

Электр тогына түскен адамға дәрігерге дейінгі алғашқы көмек Токқа түскен адамды ең алдымен ажыратуға тырысу қажет. Ол үшін токты ажырату керек. Оған мүмкіндік болмаса құрғақ шүберекпен қолды қалың байлап адамды ажыратады. Тіпті токқа түскен адамның киімі құрғақ болса, оның денесіне тимей тұрған жерлерінен, мысалы, жағасынан, етегінен тартып ажыратады. Егер

Нұржанова Шолпан

БАЛАНЫҢ ДЕНІ САУ БОЛСЫН ДЕСЕҢІЗ

Қазір кез - келген жерлерде аналар мен балалар консультациялары жұмыс жасауда. Олар ауыл, село тұрғындарын белгілі бір учаскілерге бөліп мерзімді ана мен баланың денсаулықтарын байқаудан өткізіп отырады. Балада ауру белгісі байқалса дереу тиісті орындарға хабарлап, ана мен балаға қажетті дәрігерлік көмек көрсетіледі. Ауруды асқындырмай тұрып дәрігерлік көмек алған ана мен бала тез сауығып кетеді. Бұл емделушіге де, емдеуші дәрігерге де үлкен қуаныш әкеледі. Өйткені өз еңбегінің жемісін көру - әрбір мамандық иесінің үлкен мақсаты. Ал ондай табыс дәрігерлерді әлі де іздене түсуіне жігерлендіреді. Қазіргі кезде біздің медицина қарыштап даму үстінде. Қандай ауру болсада, емдеу құралдары мен дәрі-дәрмектер жетерлік. Бірақ осындай гүлденген, өскен ортада өмір сүре жүріп, кейде өкінішті жағдайлардың да кездесіп қалатыны бар. Өрине ол өмір қажеттілігінің тапшылығынан немесе медициналық талаптарды орындауға мүмкіндіктің жоқтығынан емес, кейбіреулеріміздің өз денсаулығымызға көңіл болмай салғырт қараптындығымыздан. Кейде адамдар ауру азабы жанына батқанша медициналық көмекке жүгінбейді, тек ауру жанына батып ауырғаннан кейін дәрігерге көрінуге, дәрігердің айтқанын орындауға мәжбүр болады. Аурудың алдын алуға бізде толық мүмкіндіктер бар.

Қазіргі адамдардың бәрі білімді, сауатты, еңбеге түрлі тілде шығып жатқан көпшілікке арналған медициналық кітапшаларды алдын- ала оқып, оны күнделікті өмірде қолданып отырса, бұл олар үшін игілікті іс болар еді, атам қазақ ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол ізде деп бекер айтпаса керек!?

**Сатыбалдиева Асылгүл
Фап мейіркеші**

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАР

Медициналық қалдықтар – емдеудің алдын алу ұйымдарында медициналық қызмет көрсету және медициналық манипуляциялар жүргізу процесінде түзілетін қалдықтар.

Медициналық қалдықтар қауіптілік деңгейі бойынша 5 қауіптілік класына бөлінеді:

"А" кластағы медициналық қалдықтар - коммуналдық-тұрмыстық қалдықтардан құрамы бойынша ерекшеленбейтін, қауіпті қасиеттері жоқ қалдықтар;

"Б" класындағы медициналық қалдықтар – эпидемиологиялық қауіпті медициналық қалдықтар (инфекцияланған және әлеуетті инфекцияланған қалдықтар);

"В" класындағы медициналық қалдықтар – төтенше эпидемиологиялық қауіпті медициналық қалдықтар (аса қауіпті және карантиндік инфекциялық аурулармен ауыратын науқастармен жанасқан, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында төтенше жағдайлардың пайда болуына алып келуі мүмкін және аумақты санитариялық қорғау бойынша іс-шараларды жүргізуді талап ететін материалдар);

"Г" класындағы медициналық қалдықтар – токсикологиялық қауіпті медициналық қалдықтар (пайдалануға жатпайтын дәрілік, оның ішінде цитостатиктер, диагностикалық, дезинфекциялаушы заттар. Құрамында сынап бар заттар, аспаптар мен жабдықтар. Фармацевтикалық өндіріс шикізаттары мен өнімдерінің қалдықтары. Жабдықтарды, көлікті, жарықтандыру жүйелерін пайдаланудан түскен қалдықтар);

"Д" класындағы медициналық қалдықтар – радиоактивті медициналық қалдықтар (Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген радиоактивті заттар үшін регламенттелген мөндерден асыптан саны мен концентрациясы бар радиоактивті заттар).

Өрине, барлық қалдықтар адам денсаулығына ықтимал қауіп төндіреді, бірақ эпидемиологиялық тұрғыдан өте қауіпті медициналық қалдықтар өзіне аса назар аударуды талап етеді.

Медициналық қалдықтар ондағы микроорганизмдердің салдарынан қауіп төндірді, парентеральды инфекциялар - АИТВ, ЖИТС, В және С гепатиттерімен жұқтыруы мүмкін. Қауіп аймағына медицина қызметкерлері, емдеу ұйымдарының техникалық қызметкерлері, науқастар, келушілер кіреді. Сонымен қатар, зиянды топырақ, су және ауа ластануы арқылы табиғатқа зиянын тигізуі мүмкін, өйткені медициналық қалдықтармен дұрыс қараған кезде инфекциялардың Денсаулық сақтау ұйымдарынан тыс жерлерге шығу қаупі бар, бұл радиациялық улануға, өткір заттармен жаракаттануға әкелуі мүмкін.

Жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін қауіптілік класына сәйкес медициналық қалдықтармен жұмыс істеу ережелерін назарға алу қажет.

Қуандық Гүлсара

ЖЫЛАН НЕЛІКТЕН МЕДИЦИНА САЛАСЫНЫҢ ТӨС БЕЛГІСІНЕ АЙНАЛҒАН?

Әлемде мәлім, беймәлім талай қызық бар біз білмейтін. Соның бірі- дүниежүзі халықтарына ортақ медицина саласының нышаны- құтыға оралған жылан бизнесінің сыры көпшілікті қызықтырмай қоймайды. Бізде сол сұраққа жауап іздеуді жөн көрдік.

Жалпы жәндіктер арасында өзіндік орны бар жыланды жауапты саламен байланыстыру жайының текке туындамағаны белгілі жәйт. Қай кезде де бауырмен жорғалаушылардың бұл түрі адамзат үшін қастерлі саналған. Оған мысалдар жеткілікті. Соның бірі Нұх-пайғамбардың тұсында жер бетін топан су алатынын көпшілікке таныс әпсана. Мұнда Нұх-пайғамбар Арланың өмірімен адам баласымен бірге жерге жан- жануарлар , жәндіктер, құстарды тиіп алып белгісіз бағытқа бет түзейді. Су бетінде жүрген сапар ұзаққа созылады. Мұндай күндердің бірінде аштыққа шыдамаған тышқан кеме табанындағы ағашты кеміріп нәтижесінде үлкен тесік пайда болып, одан су кіріп, барлығының тынышы кете бастайды. Оны тұста кемеңнің тесек ағашына оралып жатқан жылан тесікті бітеп, кемедегілерді үлкен қауіптен құтқарып қалады. Осылайша бұл мақұлық Нұх- пайғамбардың кемеңнің Қазығұрттың басына аман жетуіне септігін тигізген осы бауырмен жорғалаушы денесінің суық болуының себебін де осы жаймен байланыстырады.

Австралия аборигендері, орталық Африка аборигендері, ежелгі грекиялық фессалиялық, солтүстік америкалық үндістер өздерінің ата- тегін жыландар деп есептейді. Сондықтан бұл тайпалар жыланға аса құрметпен қарайды. Алайда, бертіндегі ғалымдар мұны ежелгі тотенизмнен қалған сарқыншақ деп түсіндіреді, қалай десекте XVII- ғасырда жыланға табыну-фанаттық формада жүзеге асқан. Жыландар зәулім храмдарда тұрып, рахат ғұмыр кешкен. Ал көптеген Африкалық тайпалар жыланға қызмет көрсетуді мәртебелі іс санаған. Оқыған абыздар белгілі мерзімде елді аралап 10-12 жасар қыздар жыланға табынушылық құпияларына үйреткен. Жылан- күрделі және әмбебап нышан. Ол бірден жер мен суды, өмір мен өлімді, тыныштық пен тіршілік күшінің тасуын және у мен аурудан айығуды бейнелейді. Яғни бүгінгі күні ғалымдарға жылан ұшының емдік қасиеті XVII- ші ғасырда белгілі Франческо Реди деген адам ашқан. Арада жүз жыл өткен соң тағы бір Италияндық ғалым Фелисе Фонтане ұлдың сырын зерттеп адам ағзасына әсер ету механизмі түсіндірген. Бүгінгі медицинаның басты белгісі болған жеңішке жылан XVI ғасырдан бастап қолданысқа енген . Бұл символды кенес елі 1924-ші жылы түпкілікті мақұлдаған. Алғашында жыланның медицина эмблемасы ретінде ешқандай қосымша белгісі болмаған . Кейінірек оны басқа заттармен үлестіре бастаған. Бір жағынан, жорғалаушының бұл түрі дәрілік шөптерді байқағыш, іні сезгіштік қаблетке ие болғандықтан, дәрігерлер де науқастың жанын дендеген дертті дөп тапсын деген мақсатта таңдалса керекті. Жылан өзі келіп шақпайды, тек өзіне қауіп төнгенде ғана шағады. Бір қызығы жыландар қоректенбей үш жыл ұйықтай алады. Тіпті улы жыландар да адам үшін пайдалы, оның уы медицинада құнды дәрі - дәрмектер жасауға пайдаланғандықтан, улы жыландар арнайы тәлімбалқтарда

өсіріледі. Жылан уы- дертке дауа Мысырлықтар жылан ұынан түрлі дәрі - дәрмектерді жасауды ерте кезден білген. Қазіргі уақытта Мысырдағы Суэцк университетінде ұзақ қажыры еңбекпен жылан ұының химиялық құрамы зерттеліп, таңғаларлық жаңалықтар ашылды. Жылан ұынан жасалған дәрімен көтерілі ісік, белсіздік, қант диабетін емдеуге, қан тоқтатуға, қан қысымын қалыпқа келтіруге болады екен. Улы жыланның сілекей бөлініп шығатын ақшыл сары не көкшіл түсті сұйықтың құрамы альбулин, глобулин, ферменттер , су тұздарынан тұрады екен. Жалпы ұдың қасиеті жыланның түріне байланысты бөлінеді. Сұр жылан ұында қанға әсер ететін геморрагин, көзілдіртікті жыланада жүйке жүйесіне әсер ететін нейротоксин болады. Кеңес медицинасында да май сұйықтар түрінде дәрілер арқылы қолқа демікпесі, ревматизм, артрит секілді көптеген ауруларды емдеуге септігі тиген. Бір ескеретін жәйт жылан ұынан дайындалған дәрілер мен тұнбалары туберкулез, бүйрек, бауыр ауруы бар науқастарға мүлде қолдануға болмайды екен. Жылан ұы жүз жылға дейін кемедегілерді үлкен қауіптен құтқарып қалады. Осылайша бұл мақұлық Нұх- пайғамбардың кемеңнің Қазығұрттың басына аман жетуіне септігін тигізген осы бауырмен жорғалаушы денесінің суық болуының себебін де осы жаймен байланыстырады. Австралия аборигендері, орталық Африка аборигендері, ежелгі грекиялық фессалиялық, солтүстік америкалық үндістер өздерінің ата- тегін жыландар деп есептейді. Сондықтан бұл тайпалар жыланға аса құрметпен қарайды. Алайда, бертіндегі ғалымдар мұны ежелгі тотенизмнен қалған сарқыншақ деп түсіндіреді, қалай десекте XVII- ғасырда жыланға табыну-фанаттық формада жүзеге асқан. Жыландар зәулім храмдарда тұрып, рахат ғұмыр кешкен. Ал көптеген Африкалық тайпалар жыланға қызмет көрсетуді мәртебелі іс санаған. Оқыған абыздар белгілі мерзімде елді аралап 10-12 жасар қыздар жыланға табынушылық құпияларына үйреткен. Жылан- күрделі және әмбебап нышан. Ол бірден жер мен суды, өмір мен өлімді, тыныштық пен тіршілік күшінің тасуын және у мен аурудан айығуды бейнелейді. Яғни бүгінгі күні ғалымдарға жылан ұшының емдік қасиеті XVII- ші ғасырда белгілі Франческо Реди деген адам ашқан. Арада жүз жыл өткен соң тағы бір Италияндық ғалым Фелисе Фонтане ұлдың сырын зерттеп адам ағзасына әсер ету механизмі түсіндірген. Бүгінгі медицинаның басты белгісі болған жеңішке жылан XVI ғасырдан бастап қолданысқа енген . Бұл символды кенес елі 1924-ші жылы түпкілікті мақұлдаған. Алғашында жыланның медицина эмблемасы ретінде ешқандай қосымша белгісі болмаған . Кейінірек оны басқа заттармен үлестіре бастаған. Бір жағынан, жорғалаушының бұл түрі дәрілік шөптерді байқағыш, іні сезгіштік қаблетке ие болғандықтан, дәрігерлер де науқастың жанын дендеген дертті дөп тапсын деген мақсатта таңдалса керекті. Жылан өзі келіп шақпайды, тек өзіне қауіп төнгенде ғана шағады. Бір қызығы жыландар қоректенбей үш жыл ұйықтай алады. Тіпті улы жыландар да адам үшін пайдалы, оның уы медицинада құнды дәрі - дәрмектер жасауға пайдаланғандықтан, улы жыландар арнайы тәлімбалқтарда

**Мамбетжанов Аралбай
Аяғанұлы,
Құрмет орден иегері.**

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕР ҮШІН ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Соңғы уақытта әлемнің көптеген елдеріне белгілі кең ауқымды апаттар және жағымсыз салдарлары бар өнеркәсіптік авариялар трансшекаралық сипатқа ие болды және айтарлықтай өсу үрдісі байқалуда. Олар шекараны білмейді – бір елде пайда болған олар көбінесе үлкен аумаққа және басқа елдің тұрғындарына зиян келтіреді.

Мұнай және газ өнеркәсібінде де көптеген авариялар, оқыс оқиғалар, жазатайым оқиғалар орын алып жатыр. Алдын алу бойынша бір шама жұмыстар жасалып жатыр.

Осы мәселелер бойынша алаңдаушылықтың жоғары деңгейіне әлем жұртшылығы проблемаларды апаттан шығарды 1984 жылы Үндістанның Бхопал қаласында болған, онда химиялық қауіпті заттардың шығарылуы нәтижесінде 2 мың адамның өмірін алып, 200 мың адам жаракат алды. Айта кету керек, қауіпсіздікті қамтамасыз ету біздің республика азаматтарының басты басымдығы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді Даму стратегиясы, үкіметпен президентіміздің басты назарында.

Облыста ірі индустриалдық әлеуетің болып отырғандығы, қауіпті өндірістік объектілердің елеулі дәрежеде шоғырлануы, олардың Қызылорда облысы аумағында орналасуы, өнеркәсіптік кәсіпорындарда авариялар мен жаракаттану жағдайларының туындау ықтималдығының жоғары деңгейі бақылауда болатын кәсіпорындардағы авариялар мен өндірістік жаракаттанудан сақтандырудың аясында бұл мәселеге айрықша

көңіл бөліп қарауды талап етеді.

Ірі өнеркәсіптік авариялар ұлттық мүдделерге айтарлықтай зиян келтіру, мемлекеттердің экологиялық және экономикалық қауіпсіздігіне әсерін тигізеді.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылауды қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдарда өндірістік бақылау қызметінің лауазымды адамдары жұмыскерлерге, төтенше жағдай таралатын есепті аймаққа жататын халыққа, қоршаған ортаға қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің тәуекелін бар мүмкіндігінше азайту мақсатында жүзеге асырады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылаудың міндеттері болып табылады:

- 1) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;
 - 2) өнеркәсіптік қауіпсіздікке мониторинг жүргізу;
 - 3) өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды талдау және әзірлеу;
 - 4) жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер ететін мән-жайлар мен бұзушылықтардың себептерін анықтау;
 - 5) қауіпті өндірістік факторлардың объектілерге, адамдарға, қоршаған ортаға зақымдай отырып әсер етуінің алдын алуға бағытталған жұмыстарды үйлестіру.
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау ұйым басшысының

бұйрығымен бекітілетін, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау туралы нормативтік акт негізінде жүзеге асырылады.

Көбіне оқыс-оқиғалардың авариялардың жазатайым оқиғалардың болуы технологиялық процестерін сақтамау адами факторлардан болады өз жұмысына немқұрайлы қарауы, сапасыз техникалық құрылғылармен қондырғылардың орнатылуынан туындап жатыр.

Қазақстан Республикасы құқықтық-нормативтік актілердегі және басқа да заңдармен бекітілген өнеркәсіптік қауіпсіздігі талаптарын тұрақты орындалуын қамтамасыз ету; Өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайының бұзылуына әкелетін себептерді анықтау; Қауіпті өндірістік нысандардағы өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайына сараптау жүргізу; Қауіпті өндірістік нысандардағы технологиялық тоқтап қалуды, апаттық жағдайдың алдын алу, хабарлау, жұмысын үйлестіру сонымен қатар болған апатты жағдайлардың залалын жою.

Н.Ш. УРАЗАКОВ,
Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасының мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібіндегі, магистральдық құбырларды және жару жұмыстарын мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы

ТМКК АЯСЫНДА ОНКОЛОГИЯЛЫҚ НАУҚАСТАРҒА АЗ ИНВАЗИВТІ ОТАЛАР ЖАСАЛАДЫ



Қазіргі хирургияда гибриді аз инвазивті емдеу әдістері жиі қолданылады. Отаның бұл түрі облыстық онкологиялық орталықта қолданылады. Осы және басқа да оталар тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМКК) аясында қолжетімді.

Қармақшы ауданының тұрғыны Ридван Сәбитовтің өңешіндегі катерлі ісік ерте сатысында анықталды. Облыстық онкологиялық орталықта 60 жастағы науқасқа гибриді аз инвазивті ота жасалды. Бұл лапароскопиялық және эндоскопиялық әдістердің құрамасы. Отаның бұл түрі ауруханада болу уақытын айтарлықтай қысқартады және бұрынғы өмір салтына тезірек оралады.

«Отадан үш күн өткен соң аяғым тұрды. Қазір емделіп жатырмын. Барлық процедуралар мен тексерулерден тегін өтемін. Дер кезінде скринингтен, медициналық тексеруден өтуге шақырамын. Мен тамақ пен сусындарды жұту қиын болған кезде алаңдадым. Деру дәрігерлерге бардым, шұғыл ота жасалды», - дейді Ридван Сәбитов.

Дәрігерлер атап өткендей, МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған азаматтарға да қолжетімді скринингтік тексерулер мен жылжымалы медициналық

кешендердің жұмысының арқасында онкологиялық ауруларды анықтау айтарлықтай өсті.

Егер 2023 жылы 1300-ге жуық бастапқы онкологиялық науқас тіркелсе, 2024 жылы облыста олардың саны 2 мыңға дейін өсті. Облыс онкологиялық орталықтың диспансерлік есебінде 5 889 адам тұр.

«ҚР бөлінісінде облыста кең таралған катерлі ісіктердің бірі – өңеш катерлі ісігі. Аймақта бұл диагнозбен 198 адам есепте тұрса, оның ішінде 79 науқастың бес жылдық өмір сүру көрсеткіші бар. Аз инвазивті отаның кезінде біз ісік пен онымен бірге өңештің бір бөлігін алып тастаймыз, содан кейін асқазанды өңештің қалған бөлігіне дейін созамыз. ТМКК аясында емдеу, сәулелік және химиотерапия, дәрі – дәрмекпен қамтамасыз ету тегін», - деді облыстық онкологиялық орталық директорының орынбасары Айболат Смағұлов.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының аппараты бойынша, 2024 жылы өңір тұрғындарына ТМКК аясында жалпы сомасы 60,8 млрд теңгеге 1 млн. астам медициналық қызмет көрсетілді.

«БЕКТЕМІН»

Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы

Н. Асанова
« _____ » 2025 жыл

Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысының 2025 жылдың I-тоқсанында жеке азаматтарды қабылдау кестесі

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты- жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Асанова Назерке Набиевна	Бөлім басшысы	Апта сайын, сәрсенбі жұма күні сағат 17.00- 19.00	Жосалы кенті, Көшербаев көшесі № 34 үй	2-31-08

КОНКУРС

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№3 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына бақылау кеңесінің мүшесі лауазымдық қызметіне Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы конкурсы жариялайды.

Конкурс өткізілетін күн: конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің аяқталуына дейін.

Конкурс өткізілетін орны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27 №212 бөлме.

Кәсіпорын атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№3 қалалық емханасы» ШЖК КМК, индексі 120000,

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қорқыт Н.Назарбаев даңғылы №66, байланыс телефоны: 8 (7242) 23-20-26, e-mail: polik_3@med.mail.kz

Негізгі қызметі: Азаматтардың денсаулығын тұрақты түрде жақсартуға бағытталған қол жетімді, сапалы медициналық көмекті көрсету.

Бақылау кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар жоғары білімінің болуы, сондай-ақ төмендегі мынадай талаптардың бірінің:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға (3) конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) Еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) Үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) Жоғарғы білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орнына қабылданған және еңбек шартының тоқтатылғандығы туралы бұйрықтардың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аймақтық бөлімшелерінен соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігі туралы берілген растайтын құжаттар. Үміткер конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып жапсырады. Бұл конвертке үміткердің аты, жөні, тегі және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Қажетті құжаттар Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27-үй, мекен-жайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-01-51 (3008), 23-53-41.

КОНКУРС

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника №3» управления здравоохранения Кызылординской области»

Дата проведения конкурса: по истечению 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

Место проведения конкурса: Управление здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, кабинет №212.

Наименование предприятия с указанием местонахождения, почтового адреса, телефона: КП на ПХВ «Городская поликлиника №3» управления здравоохранения Кызылординской области», индекс 120000, Кызылординская область, город Кызылорда, переулок Н.Назарбаев №66, контактные телефоны: 8 (7242) 23-20-26, e-mail: polik_3@med.mail.kz

Основная деятельность: Оказание доступной качественной медицинской помощи, направленное на постоянное улучшение здоровья граждан.

Требования к лицам (3), избираемым в наблюдательный совет, включает наличие высшего образования, а так же одного из следующих требований:

- 1) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;
- 2) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;
- 3) членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

Лицо, изъявившее желание принять участие в конкурсе представляет комиссии следующие документы:

- 1) Заявление об участии в конкурсе;
- 2) Резюме на государственном и русском языках;
- 3) Автобиографию, изложенную в произвольной форме;
- 4) Копию документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) Копию документа о высшем образовании;
- 6) Копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора либо выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Кандидат запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: «Оригинал». На этом конверте должны быть указаны фамилия, имя, отчество и адрес кандидата.

Необходимые документы предоставляется в управление здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27.

Телефоны для справок: 8 (7242) 40-01-51 (3008), 23-53-41.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақшыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сана менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №19

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/